



Ақмешіт

25 маусым
сенбі

№50 (1855)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



АУҒАНСТАНДАҒЫ АПАТ

Сәрсенбінің таңында Ауғанстанның Хост қаласында 5,9 магнитудалық жер сілкінісі болды. Пәкістанмен шекараға жақын орналасқан қалада апат салдарынан адам шығыны 1000-нан асты. Бұл көрсеткіш әлі де көбеюі мүмкін. Оқиға туралы CNN арнасының тілшілері Сара Джон, Ақанша Шарма, Джо Шелли мен Эхан Попалзай «Тағы бір апат болсе не істейміз?»: Ауғанстандағы апат әкелген дағдарыс» атты мақаласында баяндады.



Көмекшілер жасағы аймаққа апаттан зардап шеккендерге жету кезінде біраз қиындыққа тап болған. Ел ішіндегі инфрақұрылымның жағдайы көңіл көншітерлік деуге мүлде келмейді. Өйткені бүгінгі күні ауғандықтар ауыр экономикалық дағдарысты бастан өткеруде.

Халықаралық санкция мен ондаған жыл бойы дұрыс жүргізілмеген саясаттың кесірінен елдің жағдайына Обайдулла Бахир секілді гуманитарлық қызметкерлер алаңдаулы. «Бұл мәселені шешу үшін ұзақ перспективаны қолға алу керек. Өйтпегенде тағы осындай жағдай орын алса не істейміз?», – дейді Америка университетіндегі өтпелі сот төрелігінің профессоры Бахир.

Жер сілкінісі болған аймаққа адам шығыны әлі де көп болуы мүмкін деген қауіп бар. Себебі мұндағы көптеген үй зақымдалуы онай, ағаштан, топырақтан және басқа да саз секілді материалдан салынған.

Бұл аймаққа гуманитарлық ұйымдар көптеп ағылуда. Бірақ көмек елдегі ең шалғайда орналасқан зардап шеккен аймаққа жеткенше бірнеше күн қажет.

Халықаралық қызметкерлер комитетінің (ХҚКК) Азия-Тынық мұхиты бойынша өкілі Анита Даллардтың айтуынша, ХҚКК-нің жіберген топтары әлі қайта оралмаған. Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Азық-түлік бағдарламасының Кабулдағы өкілі Шелли Тақрал жол жағдайына байланысты зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету жұмыстары баяулап жатқанын айтты.

«Біз ең алдымен географиялық және логистикалық мәселелермен бетпе-бет келдік. Өйткені бұл аймақ өте шалғай ауылдық жерде және таулы аймақта орналасқан. Кеше қатты жаңбыр жауып, жаңбыр мен жер сілкінісінің қосындысы кей аудандарға көшкір алып келді. Соның әсерінен жолда жүру қиындады», – деді ЮНИСЕФ-тің Ауғанстандағы байланыс бөлімінің басшысы Сэм Морт CNN-ге берген сұхбатында.

Жер сілкінісі маусымның 20-22-сі аралығында күшті муссондық жаңбыр және желмен тұспа-тұсп келіп, іздеу жұмыстары мен тікұшақтардың ұшуына кедергі келтірді. Елдің түкпір-түкпірінен келген дәрігерлер мен төтенше жағдайлар қызметкерлері оқиға орнына жетуге тырысып жатқанымен, көмек шектеулі болады деп күтілуде. Өйткені Талибан билікке келген кезде көмек көрсетуші бірқатар ұйым елден қашып кеткен.

Сәрсенбіде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүкіл елден жіберілген «барлық ресурстарды» жинағанын, медициналық көмек пен шұғыл көмек көрсететін командалар бар екенін айтты.

«Барлығының негізінде саясаттың тек халық пен Талибан арасында ғана емес, сонымен қатар халықаралық көмек ұйымдары мен Талибан арасындағы байланыс алаштығына әкелгені түр», – деді «Ауғандарды ашықтан қорғайық» ұйымының жетекшісі Бахир.

Бахир Ауғанстан қорғаныс министрінің гуманитарлық ұйымдардан ауыр зардап шеккен аймақтарға көмекті әуе арқылы жеткізуді ұсынғанын айтып, Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы мен басқа да көмек ұйымдарына биліктің ұсынысын жеткізуде.

Қазіргі кезде адамдар уақытша ашық баспанада түнеп, құтқарушылар аман қалғандарды фонарьмен іздеуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының есебі бойынша шамамен 2000 үй қирап, зардап шеккендердің көпшілігі қайтыс болған.

Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының Ауғанстан бойынша директорының орынбасары Сяо-Вэй Ли оқиға болған жердегі жағдайды «өте қорқынышты» деп бағалап: «Қатты зардап шеккен аудандардағы кейбір ауылдар «толығымен немесе 70 процентке қираған», – деді ол.

«Қалпына келтіру ай, мүмкін бірнеше жылға созылады. Мұнда азық-түліктен басқа маңызды қажеттілік бар. Мысалы, уақытша баспана, кедендік ресімдеу мен логистика да пайдалы болар еді», – дейді Сяо-Вэй Ли.

Ауғанстан қорғаныс министрінің Twitter желісіндегі ресми аккаунтының хабарлауына, үкімет осы уақытқа дейін жер сілкінісінен зардап шеккен ауылдарға азық-түлік, шатырлар, киім-кешек және басқа да заттар таратқан. Ауғанстан үкіметі жіберген медициналық және құтқару топтары қазірдің өзінде жер сілкінісінен зардап шеккен аудандарда қызмет етуде. Одан бөлек зардап шеккендерді жер және ауе арқылы медициналық мекемелер мен медициналық орталықтарға жеткізу үшін қолдан келгенін бәрін жасауда деп жазылған ресми мәлімдемеде.

Ауғанстандағы экономикалық дағдарыс қаттығыс пен құрғақтылық салдарынан жылдар бойы өршіп, Талибан билікті басып алғаннан кейін ол жаңа қиындыққа тап болды. АҚШ пен оның одақтастары елдің валюталық резервіндегі шамамен 7 миллиард долларын бұғаттап, халықаралық қаржыландыруды тоқтатты.

Санкциялар Ауғанстан экономикасына зиянын тигізіп, оның 20 миллион халқын ауыр аштық дағдарысына ұшыратты. Миллиондаған ауғандық жұмыссыз қалып, мемлекеттік қызметкерлер жалақысыз жүр, ал азық-түлік бағасы шарықтап тұр.

4 БЕТТЕ

ГАЗ: Баға байлауға көнбейді

Жыл басындағы қаңтар оқиғасынан кейін сығымдалған газ бағасына 180 күнге мораторий жарияланғаны белгілі. Белгіленген мерзім де аяқталып келеді. Көкейдегі сұрақ: белгіленген мерзім аяқталған соң газ бағасы қалай болады? Жалпы бағаны байлап ұстау мүмкін бе? Шыны керек, газ бағасына мораторий жарияланғанымен мәселе шешілген жоқ. Бүгінгі күні бұл әлі де шешімін таппаған күрделі мәселенің бірі екені даусыз. Газ бағасынан бөлек те мәселе жетерлік. Атап айталық...



ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛА МА?

Бір жылдан соң елде газ тапшылығы туындауы мүмкін екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік инвесторлармен өткізген кеңесте мәлімдеді. Президент атап айтқандай, елде газ тұтыну көлемі артқан сайын, ішкі нарықты газбен қамтуда мәселе туындауы мүмкін. Яғни келер жылы газ тапшылығы туындайды. Бұл орайда Президент Үкіметке мынадай тапсырма берді: «Газ тұтыну көлемі өте тез өсіп жатыр. Бұл Алматы ЖЭО-2 мен ЖЭЛ-3-ті газхимиялық кешенге айналдыруға байланысты. Келер жылы ішкі нарықта газ тапшылығы



болады деп болжанып отыр. Үкіметке «Теңіз» акционерлерімен бірлесіп 2 млрд текше метр газды экспорттан ішкі нарыққа қайта бағыттау бойынша жұмыс істеуді тапсырамын», – делі Мемлекет басшысы. Энергетика министрі Болат Ақшолоақов газ тұтыну көлемі жыл сайын артып келе жатқанын

айтады. «Газ қоры бойынша Қазақстан әлемде 22-ші орында, ал ТМД елдерінің арасында Ресей мен Түрікменстаннан кейін 3-ші орында. Табиғи газды кеңінен қолдану мүмкіндігін ескере отырып, әлемдік экономикада оның маңызы зор.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛІ БОЛСЫН

Қаламызда қарқынды жұмыстар істеліп жатыр, бірақ нәтижесі көңіл көншітпейді. Қандай да бір істің нәтижесі болғанын біріміз жақсы көреміз. Сол секілді әрбір жасаған жұмыстан нәтиже шығару керек.

«Тұрақты жұмыс жасалуда жатыр дейсіздер. Бірақ тексеру кезінде ол жұмыстың дұрыс істелмегені анықталады. Маған жұмыстың жүріп жатқаны емес, нәтижесі болғаны маңызды». Қала әкімі Асылбек Шаменов аппарат мәжілісінде барлық бөлім басшыларына, ауылдық округ және кент әкімдеріне әрбір берілген тапсырманың тиянақты, нәтижелі орындалуы керек екенін ескертті.

Аппараттық мәжіліс қала әкімі Асылбек Шаменовтің 23 маусым – ҚР Мемлекеттік қызметшілер күні және Қазақстан полициясының 30 жылдық мерекесіне орай құттықтауымен басталды.

– Үлкен жауапкершілікті талап ететін мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымның абыройын асыру жолында айрықша маңызға ие. Әрбір өркеніңнің өріне қадам басқан мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Бұқараға адал қызмет ету мен еліміздің ұлттық мүддесін тиімді қорғай білуі басты ұстанымға айналдырған сала мамандарының еңбегі құрметке лайық. Сондай-ақ бүгін төзімділік, қырағылық, қарапайымдылық деген

ұғымдарды бойына сіңіріп, қызметтің қиындығына қарамастан аңтына адал болған ерлердің ерліктерін ұлықтау күні. Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың амандығы бәрінен қымбат. Осы жолда қоғамдық тәртіпті қалыптастыруда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор, – деді қала әкімі. Аппараттық мәжілісте ең алдымен жазғы маусым кезінде суға кету қаупінің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменовтің сөзіне сүйенсек, су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде жыл сайын азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы өзекті мәселе болып отыр.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Елімізде соңғы жылдары кәсіпкерлік саласы қарқынды дамуда. Осының нәтижесінде шағын және орта кәсіпін бастап, нәпақасын өзі тауып жүрген жандар жетерлік. Өкінішке қарай елдегі пандемия мен төтенше жағдайдың зардабын жеке кәсіпкерлер тартты. Жасыратын несі бар, дағдарысқа ұшыраған кәсіпкердің басым көпшілігінің кірсі азайып, шығыны артты. Осыған орай қазір өз кәсібін қайта жандандырып, әрі қарай дөңгелетем деген жандарға мемлекеттен түрлі бағдарламалар аясында несиелер берілуде.



Қашанда кәсіптің көзін тапқан адам түбінде табысқа жететіні анық. Тек оған мемлекеттен қолдау болса болғаны. Осы мақсатта Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменов «Бизнеске арналған Үкімет» ғимаратында жеке кәсіпкерлерді қабылдап, олардың мәселесін тыңдады.

– Елімізде экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы шағын және орта бизнесті дамыту екендігі белгілі. Сондықтан бұл салаға ерекше көзқарас керек. Кәсіпін жолға қойған кәсіпкерлерге барынша қолдау қажет. Қазіргі кезде кәсіп ашықсы келетін азаматтарымыз көптеген кедергілерге кезігеді. Ол жерді жалға алу, оған кепіл қою, инфрақұрылымды дамымаған аумақтарға орналасу, қаржылық сауатсыздық немесе қаражат жетіспеушілігі, жөнсіз тексерулер. Бұл тұрғыда біз барьерлерді алып тастап, олардың бизнес әлеуетін арттыруына дем беруіміз қажет. Міне, осы жағдайларды таразылай келе, жеке қабылдау откізуді ұйғардық. Бетпе-бет сойлесе отырып, шынайы форманы көргіміз келеді. Мұндай кездесулер ай сайын өтетін болады, – делі қала әкімі.

3 БЕТТЕ



«Қазақтар математикаға өте бейім» деген сөз бар. Бұл сөз Қазақстан математиктерінің әлемдік дәрежедегі жеткен жетістіктеріне, зор табыстарына айтылған болуы да мүмкін. Қазақ елінің атын шығарып, математик атанған ғалымның бірі – Уәлбай Өмірбаев.

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН МАТЕМАТИК

Америка математика қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» және ҚР мемлекеттік сыйлықтарының иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Уәлбай Өмірбаев Сыр еліне іс-сапармен келді. Математика ғылымында әлемге танылған ғалыммен Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде жергілікті БАҚ өкілдері кездесті. Келелі кездесуде Уәлбай Өмірбаевтың ғылым жолындағы ізденісі мен шығармашылығы сөз болды. Ол отандық ғылымның қазіргі жағдайы мен дамуы жайлы өз ойын ортаға салды.

Уәлбай Өмірбаев Нагата есебін шығарған әлем мойындаған математик. Нагата есебі – афиндық алгебралық геометрия саласындағы күрделі проблемалық есептің бірі, 3 өлшемнен тұратын есеп. Жапондық Нагата өзінің күрделі проблемалық есебін 1972 жылы құрастырған екен. Осы есепті шешуге әлемнің қаншама ғалымы тырысады. Алайда ешкім шешімін таппайды. Уәлбай Өмірбаев 10 жыл еңбектеніп, математикалық жұмбақтың шешімін тапқандай болады. Дегенмен бұл шешім әлі де толықтыра түсуді қажет екені белгілі болады. Сондықтан математик дегеніне жету үшін тағы ізденеді. Білім мен ізденістің нәтижесінде Нагата есебінің толық шешімін тапты. Математика әлеміндегі осындай күрделі есептерді шешкен еңбегі үшін қазақстандық ғалым 2007 жылы Американың математикалық қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығын иеленді. Осындай ізденістің, білімнің нәтижесінде шет елдерде дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеген. Мәселен, қаншама жыл АҚШ-та тұрып, өзінің білікті математик екенін дәлелдеген ғалым.

3 БЕТТЕ



КЕЛЕСІ САҢДА: ХАЛАЛ ШЫНЫМЕН ХАЛАЛМА?

ГАЗ: Баға байлауға көнбейді

ЖАҢАРҒАН «QAZAQGAZ» ЖАҢАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Өткен жылдың соңында ел Үкіметінің шешімімен «ҚазТрансГаз» «Самұрық-Қазына» АҚ құрамына кіріп, «ұлттық компания» мәртебесін алып, портфельдік компаниясына айналды және «QazaqGaz» деп аталды.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жәркешовтің пікірінше, бүгінде газ саласы айрықша қолдауды, елеулі қаржылық инвестицияларды қажет етеді. Өйткені газ тасымалдау жүйесінің объектілерін жаңғыртпай және кеңейтпей, тұтынушыларды одан әрі газбен үздіксіз жабдықтау мүмкін емес. Басқарма төрағасы ішкі нарықта газ тапшылығы орын алмауы үшін кейінге қалдыруға болмайтын шаралар қабылдау қажеттігін айтып, дабыл қағады. Оның айтуынша 2024 жылы ішкі нарықтағы тауарлық газдың тапшылығы болуы мүмкін. 2022 жылы «QazaqGaz» дефолттың қаупі бар (шығындар – 176 млрд тт).

Соңғы жылдарда жаңа газ дәліздері іске қосылды, бұрын бытыранқы магистральдық газ құбырларынан интеграцияланған газ тасымалдау жүйесі қалыптасты. Болашақта ресурстық база кеңейтілген жағдайда, бұл орасан транзиттік-көліктік әлеуеті бар Орталық Азия газ хабын құруға мүмкіндік береді.

Алайда 2024 жылы газ саласы дағдарыс құбылыстарына тап болуы мүмкін. Егер біз тұтынушылардың барлық өтініштерін қанағаттандырасақ, онда дағдарыс 2023 жылы басталады.

ЕЛ ІШІНДЕ ГАЗ ТҰТЫНУ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ӨСУДЕ

2017 жылдан бастап 2021 жылды қоса алған кезеңде тұтыну 13,8-ден 18,6 млрд м3-ге дейін 4,8 млрд м3-ге өсті. Газ тұтыну өсімі шамамен 35% немесе жыл сайын орта есеппен 7%-ды құрады», – дейді министр.

Энергетика министрінің мәліметінше, қазіргі уақытта ресурстық базаны кеңейту үшін Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытының 1-кезеңін үш кезекпен (1, 2 және 6 млрд м3) салу бойынша жұмыс жүргізілуде, ол 2030 жылға қарай тауарлық газдың өсімін 6,2 млрд м3-ден асыруға мүмкіндік береді.

2021 жылғы маусымнан бастап қуаты 1 млрд м3 жобаның бірінші кезеңі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Бірінші кезеңді

2024 жылдың басында іске қосу күтілуде.

АРЗАН БАҒА ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚЫЗЫҚТЫРМАЙДЫ

Энергетика министрі Б.Ақшолоқовтың пікірінше, елдегі газ саласын дамытудың негізгі тежеуші факторы бағаны тежеу саясаты, осыған байланысты 2025 жылға қарай отандық газдың тапшылығы және импорттық ресурстарға тәуелділік туындауы мүмкін. Сол себепті инвесторларды ынталандыру шараларын қарастыру қажет. Бұл орайда «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жәркешов: «Елдің 3,8 трлн м3 алынатын қорлары 100 жылдан астам уақытқа жеткілікті, мәселе ГӨЗ қуатының шектелуінде болып тұр.

Еліміз бойынша алынатын газ қоры (ілеспе және табиғи) шамамен 3,8 трлн м3 құрайды. Негізгі қорлар Қарашығанақ, Теңіз, Қашаған деген 3 ірі кен орнында шоғырланған.

Газдың негізгі қорлары ілеспе мұнай газы (ІМГ), яғни оны кәдеге жарату мұнай өндіру қарқыны мен көлеміне әсер етеді.

сұйытылған мұнай газының айналымы мен көлемді экспортқа жедел (нақты уақыт режимінде) мониторинг жүргізуге өкілеттігі жоқ», – дейді энергетика министрі. Оның айтуынша, газ бағасы қазір тоннасына 28 мың болса, қадағалау мерзімімен соң 36 мың теңге болады. Көтерме баға літріне 17 теңгеден 19 теңгеге өседі.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жәркешов әлеуметтік әділ баға белгілеу қажеттігін алға тартады: «Тауарлық газды тұтыну құрылымы

Еліміз бойынша алынатын газ қоры (ілеспе және табиғи) шамамен 3,8 трлн м3 құрайды. Негізгі қорлар Қарашығанақ, Теңіз, Қашаған деген 3 ірі кен орнында шоғырланған.

Газдың негізгі қорлары ілеспе мұнай газы (ІМГ), яғни оны кәдеге жарату мұнай өндіру қарқыны мен көлеміне әсер етеді. Бұл ретте, 2021 жылдың қорытындысы бойынша, осы 3 ірі кен орнында өндірілген газдың 41%-ы, қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалды.

ЭКОНОМИСТ НЕ ДЕЙДІ?

Газ бағасы туралы белгілі экономист Максат Халықтың пікірін сұрадық. Ол бұл мәселенің ашық талқылану қажеттігін, халыққа түсіндіру керектігін айтады.

– Президенттің нақты тапсырмасымен газ бағасы Батыс аймақта 50 теңге, жалпы ел ішінде 70 теңгеден асырмауға шек қойылған еді. Енді сол мерзім аяқталып қалды. Алдағы уақытта бағаның өсетіні белгілі. Бірақ енді қатты өседі деп ойламаймын. Менің ойымша, Үкімет тарапынан коммуникация жетіспей тұр. Баға жайын халыққа түсіндіру жағымды болып жатыр. Газ саласындағы компаниялар төмен бағада ұзақ уақыт ұстап тұра алмайды. Бұл компаниялар үшін үлкен шығын. Ертенгі күні үлкен компаниялар жұмысшы санын қысқартамыз деген мәселені алға тартуы мүмкін. Бұл жергілікті жердегі азаматтар үшін де кері әсерін тигізеді. Себебі азаматтар жұмысынан айырылса, табысынан да айырылады. Сондықтан да Үкімет үшін коммуникациялық қызмет өте маңызды. Халықпен, ел сыйлайтын азаматтармен дөңгелек үстел басында талқылап, түсіндіру керек. Газ бағасын қанша көлемде, қандай реттілікпен көтеру керек деген мәселе ашық айтылуы тиіс. Себебі бұл саладағы компаниялар шығынға ұшырап жатса, онда Үкімет компанияларды дотациялау керек болады. Ал мемлекет бюджеті белгілі дәрежеде шектеулі, ұзақ мерзімге дотация жасай алмайды. Сол себепті бұл – маңызды мәселе. Үкімет коммуникативті қабілет қажет және эксперттік негізде газдың нарықтағы өзіндік құнын айқындау керек. Сосын сол бағадан аспайтандай, белгілі бір дәрежедегі ақыл-ой шеңберіндегі бағаны белгілеу керек деп есептеймін.

– Президенттің нақты тапсырмасымен газ бағасы Батыс аймақта 50 теңге, жалпы ел ішінде 70 теңгеден асырмауға шек қойылған еді. Енді сол мерзім аяқталып қалды. Алдағы уақытта бағаның өсетіні белгілі. Бірақ енді қатты өседі деп ойламаймын. Менің ойымша, Үкімет тарапынан коммуникация жетіспей тұр. Баға жайын халыққа түсіндіру жағымды болып жатыр. Газ саласындағы компаниялар төмен бағада ұзақ уақыт ұстап тұра алмайды. Бұл компаниялар үшін үлкен шығын. Ертенгі күні үлкен компаниялар жұмысшы санын қысқартамыз деген мәселені алға тартуы мүмкін. Бұл жергілікті жердегі азаматтар үшін де кері әсерін тигізеді. Себебі азаматтар жұмысынан айырылса, табысынан да айырылады. Сондықтан да Үкімет үшін коммуникациялық қызмет өте маңызды. Халықпен, ел сыйлайтын азаматтармен дөңгелек үстел басында талқылап, түсіндіру керек. Газ бағасын қанша көлемде, қандай реттілікпен көтеру керек деген мәселе ашық айтылуы тиіс. Себебі бұл саладағы компаниялар шығынға ұшырап жатса, онда Үкімет компанияларды дотациялау керек болады. Ал мемлекет бюджеті белгілі дәрежеде шектеулі, ұзақ мерзімге дотация жасай алмайды. Сол себепті бұл – маңызды мәселе. Үкімет коммуникативті қабілет қажет және эксперттік негізде газдың нарықтағы өзіндік құнын айқындау керек. Сосын сол бағадан аспайтандай, белгілі бір дәрежедегі ақыл-ой шеңберіндегі бағаны белгілеу керек деп есептеймін.

P.S. Қалай айтқанда да газ тақырыбы Үкімет үшін көкейесті мәселе екені рас. Ішкі нарықта газ тапшылығын болдырмау, газ бағасын тұрақтандыру, үлкен жобаларды жүзеге асыру, мемлекет қолдауын қажет етеді.

ҮШ ЖЫЛДЫ ЕМЕС, БІР ЖЫЛДЫ ОЙЛАҒАН ЖӨН...

Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова Парламент отырысында бюджетті бір жылға жоспарлауды ұсынды.



«Биыл күн тәртібіне бір қарағанда қарапайым, бірақ өте маңызды мәселе – бюджет бекіткенде ағымдағы бюджетті жүз пайыз қалыптастыру мәселесі шықты. Ағымдағы шығын қаржымен қамтамасыз етілмей тұрып, даму бюджеті болуы мүмкін емес. Осы қажеттілікті жыл ортасында Ұлттық қордан жабуға тура келеді» деді Годунова.

Годунованың айтуынша, үш жылдық бюджет бүгінде ресми шарт болып қалған. Оны қалыптастыруға көп уақыт кетеді. Ал жүзеге асыру барысында тек бірінші жыл нақтыланып, түзетіледі.

«Ал одан кейінгі жылдарға тіпті көз салмаймыз. Алдағы кезеңді кезекті жоспарлау барысында бұрын қолдау тапқан шығынды кейбірі жаңа бюджеттен мүлдем түсіп те қалады. Нәтижесінде қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген, аяқталмаған нысандар пайда болады», – деді Есеп комитетінің басшысы.

СУБСИДИЯ: Бір жұмыртқаға 3 теңге


Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайтында жарияланғандай, қазақстандық фермерлер 1 шілденен бастап, бір жұмыртқа үшін 3 теңге мөлшерінде субсидия алуға өтінім бере алады.



«Жұмыртқа шығаратын құс фабрикалар 1 шілденен бастап, бір жұмыртқа үшін 3 теңге мөлшерінде субсидия алуға өтінім бере алады. Биыл тағамдық жұмыртқаны субсидиялауға республикалық бюджеттен 6,5 млрд теңге жұмсалды», – делінген хабарламада.

2022 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Қазақстанда құстардың саны 3,7% – 47,1 млн басқа дейін өсті. Тауық жұмыртқасының өндірісі 12,1% артып, 1559,5 млн дананы құрады. Ішкі нарықтың тағамдық жұмыртқамен қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА



Біріншіден, 2024 жылдан бастап газ тапшылығы болжануда. Ішкі нарықтың қажеттіліктері газдың қолжетімді ресурстарынан 1,7 млрд м3 асып түседі. Жедел шаралар қабылданбаса, газ экспорты 2023 жылы тоқтатылады. Бұл ретте, импортқа қажеттілік 17,1 млрд м3 құрауы мүмкін.

Бұл ЖЭО-ны газға ауыстыру (Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 және т.б.), жаңа газ-химия кешендерін (ОХҚ, WestGasOil және т.б.) және жаңа ірі коммерциялық тұтынушыларды (ArcelorMittal, Конденсат және т. б.) газбен жабдықтауға қосу жобаларын қоса алғанда, жаңа ірі тұтынушылардан түсетін өтімдердің үлкен көлеміне байланысты.

Екіншіден, ішкі нарықтың шығынына байланысты 2022 жылы Ұлттық оператордың қаржылық тұрақтылығының нашарлауы болжануда. 2021 жылы Ұлттық оператор тасымалдау мен экспорттан түсетін кірістер есебінен ішкі нарықтың 162 млрд теңге шығындарын өтей алады.

Алайда 2022 жылы жалпы кірістің – 47 млрд теңгеге дейін төмендеуі болжануда, өйткені ішкі нарықтың шығындары – 176 млрд теңгені құрайды, ал кірістер экспорт көлемінің 5,7 млрд м3-ден (2021 жылы) 2,7 млрд м3-ге дейін қысқаруына байланысты түседі.

Басы 1-бетте

Бұл ретте, 2021 жылдың қорытындысы бойынша, осы үш ірі кен орнында өндірілген газдың 41%-ы, қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалды.

Мұнай өндіруші компанияларды қазіргі бағамен газ өндіруге қызығушылығы жоқ. Газ өндірудің тартымдылығын арттыру үшін әділ баға ұсыну қажет», – дейді.

180 КҮННЕН СОҢ НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛ БАҒА

Газ бағасын қадағалаған 180 күн де аяқталуға жақын. Белгіленген мерзім аяқталған соң газ бағасының қымбаттамайтынына ешкім кепілдік бере алмайды. «Мемлекеттік органдар тарапынан бөлшек сауда бағаларын реттеу тетігінің болмауына байланысты 180 күн өткеннен кейін тұтынушылар үшін сұйытылған мұнай газы бағасының өсу тәуекелдері бар.

Көлем тапшылығының негізгі себептерінің бірі көлемді экспорт, бұл кейіннен халық үшін сұйытылған мұнай газының жетіспеуіне және бағаның негізсіз өсуіне алып келеді. Қазіргі уақытта министрліктің ішкі нарықтағы

көрсетілген тұтынушылар топтарының газды нақты тұтынуын көрсетеді. Мысалы, газ көлемінің 28%-ын халық тамақ дайындау мен жылытуға тікелей жұмсайды. ОЭК тұтыну үлесі 41%, заңды тұлғалар – 29%, бюджеттік ұйымдар – тек қана 2% құрайды.

Тұтынушылар топтары бойынша тауарлық газға көтерме бағаларды саралау бойынша келесі тәсілдерді ұсынамыз:

- халық бойынша – жыл сайын бағаның 15%-ға қалыпты өсуі;
- әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұтынушылар бойынша – бағаны 4%-ға дейін ұстап тұруды қамтамасыз ету;
- коммерциялық тұтынушылар бойынша – бағаның жыл сайын 20-30% - ға өсуі;
- жоғары технологиялық кәсіпорындар бойынша – экспорттан «нетбэк».

Биылғы жылдың сәуірінен Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында пилоттық жұмба іске қосылды, онда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тауарлық газдың бөлшек сауда бағасы 20%-ға төмендетілді.

Бірінші шілденен бастап жобаны еліміздің барлық өңірлері бойынша ауқымды қолдану жоспарлануда. Бұл әлеуметтік-әділ баға реформасының бастамасы болады», – дейді басқарма төрағасы.

«Бақытты отбасы» бағдарламасына өтімді қабылдануда

Талайды баспаналы болуына мүмкіндік жасайтын «Бақытты отбасы» бағдарламасына өтімді қабылдау 20 маусымнан басталып кетті.

Жеңілдетілген несие жылдық 2 пайыз мөлшерлемесімен беріледі. «Отбасы банктің» баспасөз қызметі тартқан ақпаратқа сүйенсек, өтімді 20 маусым мен 19 шілде аралығында қабылданады. Қатысу үшін otbasubank.kz платформасына өтімді қалдыру керек. Жеңілдетілген ипотекаға үй кезегінде тұрған мына азаматтар санаты қатыса алады:

- көпбалалы отбасы;
- мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасы;
- толық емес отбасы (неке бұзылған сәттен бастап кемінде 3 жыл өтуі керек).

«2022 жылы «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 5 мыңнан астам отбасыға несие беруді жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде Отбасы банкіне 51 млрд теңге қаражат түсті. Биыл лимиттерді бағдарламаға қатысушылар арасында бөлу кезінде басымдық белгілеуге мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп



отырған отбасыларға беріледі», – дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Ал енді нақты талаптарына келсек. Осы бағдарлама бойынша несие ала алатын азаматтардың санатына жататын болсаңыз, ендігі кезекте шарттарын тізбейі. Бастапқы жарна – ипотека сомасының 10 пайызына тең жылдық мөлшерлеме – 2 пайыз, несие мерзімі 20 жылға дейін. Бағдарлама қатысушыларын іріктегенде

өтініш бергендердің табысы ескеріледі. Яғни соңғы алты айда отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс. Бұл дегеніміз биылғы күнкөріс деңгейі 37389 теңге болса, демек бір отбасы мүшесінен шаққандағы табыс 115905 теңгеден аспауы керек. Осы бағдарлама шеңберінде жергілікті әкімдік арқылы салынған несиелік тұрғын үйді, жаңа және қолданыстағы пәтерлерді, сондай-ақ жер үй сатып алуға мүмкіндік бар. Несие сомасына байланысты шектеу әр өңірде әртүрлі. Мәселен, Нұр-Сұлтан, Алматы және қала маңы аудандарында, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында несиенің ең жоғарғы сомасы – 15 млн теңге. Ал қалған өңірлерде ең көп дегенде 10 млн теңгеге несие рәсімдеуге болады. Өтініш беруші өзі баспана кезегінде тұрған өңірден ғана үй сатып ала алады. Сондай-ақ қатысушының «Отбасы банк» клиенті болуы да маңызды талап.

Бір баспанаға мұқтаж отбасылардың арманын орындайтын бағдарлама аясында әлі талай отбасы қоныс тойын тойлайтыны сөзсіз.

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН МАТЕМАТИК



Математик «Қазіргі балаларды математикаға қалай қызықтыруға болады?» деген сұраққа былай деп жауап берді.

– Математика бәріміз үшін де мектеп қабырғасынан басталады. Арифметиканың төрт амалын орындауды қалай сенің мына құйып береді, бұл математиканың іргетасы, әрі қарай оқып кетесің. Мойындау керек, олимпиадаға қатысып жүрген балалардың барлығы математик болып кетпейді. Бала өзін-өзі дамытып, бүгінгі оқығанын ертеңгі оқығанына қосып, білімін жетілдірсе ғана өседі. Математиканың өзіндік қасиеттері бар. Қазір ғылымның, техниканың саласы көп. Мықты математиктердің дені Қазақстаннан кетті. Себебі бізде ғылыммен айналысатындарға жоғары деңгейде мүмкіндік жасалмайды. Шетелде ғылыммен айналысуға мүмкіндік көп. Сондықтан да көбі шетелге кеткісі келеді. Ал жастарды қызықтыра отырып осы саланы дамыту үшін елімізде қызмет етудің ең алғашқы шарты бөлінетін қаржыны көбейту, – дейді белгілі математик.

Сонымен қатар «Қазақстанда математика ғылымы қандай деңгейде?» және «Ғылымға жастар арасында қызығушылық бар ма?» деген секілді сауалдарға жауап берді.

Басы 1-бетте

– Қазақстанда ғалымдардың әлеуметтік жағдайы нашар. Сондықтан да қазіргі жастар математика ғылымына барып жатқан жоқ. Себебі ғылымдағы еңбек дұрыс бағаланбайды. Осы мәселеде жүйелі өзгеріс жасалмайынша жастардың бұл салаға мойын бұра қоятын түрі жоқ. Шынын айтқанда математика жеңіл сала емес. Жатпай-тұрмай еңбектенетін сала. Айта кететін мәселе, физика-математика деген мемлекеттің күші. Ал бұл салаға қосылып жатқан жастар жоқ. Сондықтан да мемлекетті күшейтеміз десек, жастарды тарта отырып, осы ғылымдарды күшейту қажет, – дейді ғалым.



«Туған жерден жырақта жүрсіз ғой. Елге оралу жоспарыңызда бар ма?» деген сұраққа қойылды. Математик ғалым туған елге қызмет ету орзаметің міндеті. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қолдау болса, болашақта туған жері Түркістан облысының жоғары математикалық мектеп ашуға ниетті екенін жеткізді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ

ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛІ БОЛСЫН



Мәжілісте салық базасын ұлғайту және кіріс көздерін іздестіру, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы да мәселелер қаралды. Бұл салалар бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Қала әкімі А.А.Батырбайқы әкімнің мәжілісіндегі еңбектері туралы мәжілісте осы мәселе де кеңінен талқыланды.

– Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына орай, биыл оқушылардың жазғы демалысы жоспарға сәйкес жүзеге асырыла бастады. Жазғы демалыспен бірінші кезекте жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балалар қамтылады. Жалпы міндетті оқу қоры есебінен 913 бала-на демалдыру жоспарлануда.

«Зернтай» тынығу лагері 8 ауысымда экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова. Қазіргі уақытта мектеп оқушылары тынығу лагерлерінде демалуда. Олардың жазғы демалысын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажет. Мәжілісте осы мәселе де кеңінен талқыланды.

Басы 1-бетте

міндетті оқу қоры есебінен 433 баланы қамтиды. Ал «Талдысу» лагерінде 480 бала демалады деп жоспарланып отыр. Лагердің жағдайы жақсы, қауіпсіздік жағдайы толық тексерілген. Барлық талаптар сақталған, – деді қалалық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Шолпан Жүнісова.

Жиынды қорытындылаған қала әкімі Асылбек Шәменов талқыландыған мәселелер бойынша тиісті сала мамандарына нақты тапсырмалар берді. Аппараттық мәжілісте көтерілген мәселелер ауқымды. Сондықтан да сала басшылары жоғарыда айтып өткендей, «тұрақты жұмыс жасалып жатыр» демей, біткен істің нәтижесін көрсетуі тиіс.

А.БАТЫРБАЙҚЫ

Қала әкімінің ескертуі: Аппараттық мәжіліс жиналысына қатысып отырған бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, әкімнің орынбасарлары телефонға қарап, телефонның шұғылдан отыратынын байқап отырамын. Жиналысқа келгеннен кейін қаралған мәселелерге зер салып, тыңдауы керек. Сондықтан мұндай мәселе болмасын. Алдағы уақытта телефон шұғылдан отырғандар мәжілістен шығып кетеді. Ал есіктен шыққаннан кейін қайтадан кірмейсіздер. Өз абыройларыңызды сақтандыра.

КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Қазір біреуге қызмет еткізіп келмесе, шешім оңай – өз ісін ашу. Ал бизнес бастаушыларға елімізде қолдау көп. Мемлекет жеке кәсіпкерлердің жолын ашып, бизнес алаңда еркін жүруіне бар жағдай жасалуда. Нәтижесінде Қызылорда қаласында 28 330 шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген. Бүгінде «2021-2025» жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында мемлекеттік бағдарлама құны 2 млрд 647 млн теңгені құрайтын 76 жоба қолдау тапты. Ал қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша құны 11 млн теңгені құрайтын 9 кәсіпкердің жобасы қолдау алды. Сонымен қатар 3085 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 3129 жаңа жұмыс орны ашылды.

Қала әкімінің қабылдауына келген Ұлан Сайлау мектеп оқушысы болса да, қазақтың қол өнерін өрге сүйреп жүрген жастардың бірі. Ол ирандық жіппен тоқмадан аяқ киімнің түр-түрін тігіп, берекелі іс бастауда. Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарлама арқылы қайтарымсыз несие алып, шағын шеберхана ашуды көздейді. Оқушысының мұндай талпынысы мен өнерін қолдаймыз деген қала әкімі көмекшілік жасақталмағандықтан, мемлекеттік бағдарламаға ата-анасының біріне қатысу керектігін айтты. Кез келген кәсіпті ашуға, ең алдымен бизнес-идея керек. Осы тұста шаһар басшысы инновациялық жобалар арқылы қаржы алуға өзі көмек қолын созатынын жеткізді.

Қала әкімімен кездесуге келген кәсіпкерлер қарасы қалың. Солардың қатарында Әбілда Достанбаев бар. Ол 2017 жылы Мерей 24а үйден 180 кв кәсіп ашуға жер алып, «Нұр алтынай» медициналық орталық ашты. Жеке кәсіпкер кәсібін кеңейту үшін қосымша жер алу үшін келіп отыр. Алайда жерге байланысты түсінбеушіліктер туындап, осы уақытқа дейін ала алмай отыр. Қала әкімі бұл мәселені жан-жақты зерттеп, оңтайлы шешу үшін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғалымжан Қайназаровқа тапсырды.

Кәсіпкер Жәнібек Төлепбергелулы да кәсібін дамыту үшін жер сұрап келген. Ол Қызылжарма

Басы 1-бетте



ауылдық округінде он сотық жерден жылыжай салып, көкөніс өсіруде. Кәсіпті кеңейту мақсатында алдағы уақытта жер телімі беріледі деген үмітте тұр.

– ИП «Умный дом» 2022 жылдың ақпан айында «ҚРЭК» АҚ мекемесін теңдер ұтып алдық. Біз қаладағы «ҚРЭК» мекемесі мен аудандық бөлімшелерінің өрт дабыл жүйелеріне ай сайын тексеріп, қызмет көрсетеміз. Жыл басынан бері бізге ақша аударылған жоқ. Негізгі келісім-шартта жыл соңына дейін ай сайын 89900 теңгенден түсіп тұру керек. Мамыр айында бастығына арнайы хат жаздық. Алайда олар жауап берген жоқ. Бастығына кіреміз деп барғанымызда, мекеменің есепшісі осы аптаның соңында аударып береміз деген еді. Алайда әлі күнге дейін ақша түспей отыр. Бүгін міне, қала әкімі кәсіпкерлерді қабылдап жатыр дегенді естіп келіп тұрмын. Олар қолдан келгенше көмектесеміз деп уәде берді, – деді жеке кәсіпкер Жансая Жүнісова.

Қазақта «Уәде құдайдың бір аты» деген әдемі тамсил бар. Жасыратын несі бар, ашық есік күніне келген кәсіпкердің көтерген мәселесі іс жүзінде орындала ма, әлде сөз жүзінде қала ма? Бұл туралы тек мен ғана емес,

мұнда отырғандардың біразы осылай ойлап отырғаны анық. Нәтижесі де қуантарлық. Қала әкімі кездесуге келген кәсіпкер Жансая Жүнісованың мәселесін сол мезетте шешіп берді.

Бүгінде «Бизнесің жол картасы-2025» бизнесті дамыту және қолдау мемлекеттік бағдарламасы, «Ағартушы несие корпорациясы» АҚ арқылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек», «Іскер», «Ағробизнес» жобалары, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық қорының микроқаржы ұйымы арқылы қаржы алып, кәсіп бастауға мүмкіндік бар.

Қала әкімімен кездесуге келген кәсіпкерлер өздерін алаңдатқан мәселесін айтып, оған тұщымды жауап алды. Жұмысшылар шаһар басшысы «кәсіпкерлік қолдау – міндетіміз» деп баса айтты. Расында, қазір көп ойланбай, қолдан қандай іс келсе, сол бағытта әрекет ету керек. Бір сөзбен айтқанда, сүйікті істі табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік бар.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының заңгерлері «Әлібаев» шаруа қожалығын ірі шығыннан қорғап қалды. Кәсіпкер мемлекеттен алған 8,4 млн теңге субсидияны қайтармайтын болды.

«Әлібаев» шаруа қожалығы Қызылорда облысында алма өсірумен айналысады. Кәсіпкер 2018 жылы 5 гектар жерді тегістеп, қоршап, 10 мың туп алма ағашының көшетін отырғызды. Көшетті тамшылатып суғару әдісімен өсіреді. Жеміс өсіретін аумаққа мырышпен капталған сым тіреуіш бағаналарын, сымды тарту құралдарын, аралық тіреуіш бағаналарын орнатады.

Бұл жұмыстар үшін кеткен шығынның бір бөлігі мемлекет тарапынан субсидияланатынын естіп, сол жылы құжаттарын өткізеді. Мемлекеттік бағдарлама

ПАЛАТА КӨМЕГІ



операторы кәсіпкердің қызметі субсидиялауға жатады деп шешім қабылдап, 2018 жылы шілдеде 8,4 млн теңге субсидия беріледі.

Алайда биыл бағдарламаға жауапты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы «Әлібаев»

шаруа қожалығын сотқа беріп, төленген субсидияны бюджетке қайтаруын талап етеді. Басқарма талап арызда қадағалау органының берген ұсынымын, сондай-ақ кәсіпкердің қаржыны мемлекетке қайтару туралы ескертпе хатты

жауапсыз қалдыруын негізге алады. Қиындыққа тап болған кәсіпкер Палата заңгерлерінен көмек сұрады.

– Біз мәселені зерделеу барысында қадағалаушы органының аралық бағандардың орна-тылғаны жөнінде акті немесе басқа да тиісті құжаттардың жоқтығын алға тартқаны анықталды. Біріншіден, «Әлібаев» шаруа қожалығы бағандарды келесі бір кәсіпкерден алған. Олардың арасында жасалған келісімшарттары бар. Шарт бойынша тараптар міндеттерді толығымен орындап, қабылдау актілеріне қол қойған, төлем жақтайтын. Екіншіден, ол инвестициялық салымдарды нысаналы мақсатына жұмсаған. Заңда «адал иеленуші» деген термин бар. Кәсіпкер барлық жағынан осы

санатқа енеді. Бұндай жағдайда кәсіпкерден мемлекеттен алған қолдауды қайтар деу негізсіз деген ұстаныммызды сотта жеткіздік, – деді Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары, Қызылорда облысындағы бизнес-омбудсменнің өкілі Салават Құлмахан.

Сотта облыстық мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Ғалымжан Бекмамбетов қос тарапты мұқият тындап, тараптардың өкілдерімен «Әлібаев» шаруа қожалығына қосымша көшпелі көріп-тексеру жұмысын жүргізді. Көріп-тексеру барысында кәсіпкердің алма бағында аралық тіреуіш бағаналар бар екені расталды. Нәтижесінде сот облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының талабын қанағаттандырудан бас тартып, кәсіпкердің құқығы қорғалды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚОҚЫС ҚАЛДЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ӨНДЕЛЕДІ?

Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Белкөл кентіне қарасты тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу кешенінде баспасөз туры өтті.



Онда «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Талғат Бекмырзаұлы күтіп алып, журналистерді кешеннің жұмыс барысымен таныстырды.

Мамандардың айтуынша, кешен 2020 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Экологиялық-санитарлық талапқа сәйкес жылдық қуаты 60 мың тоннаны құрайтын қоқыс өңдеу орталығында 9 техника, 30 адам жұмыс істеуде. Сұрыптаудан өткен заттар арнайы техникалық аппарат көмегімен қысымдалып, еліміздің өзге өңірлеріне жөнелтіледі. Ол жақта да қайта сұрыптаудан өткізіліп, қажеттілігіне қарай өнімдер өндіріледі. Бұл біріншіден, отандық өндірісті дамыта, екіншіден, ел экономикасына оң әсер етеді.



– Кешен мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында ҚР Экологиялық заңнамасына сәйкес 2020 жылы іске қосылды. Қала әкімдігі арнайы жер бөлді. «Қызылорда тазалығы» мекемесі облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға техникалар алдырды. Қазіргі таңда кәсіпорын тұрмыстық қатты қалдықтарды зиянсыздандыру қайта сұрыптау және көму жұмыстарын жүргізеді. Кешенде күніне 150-160 тонна қалдық сұрыптайды. Сұрыпталған шикізат өнімдерінің 45-50 тоннасы қайталама пайдалану үшін тиісті мекемелерге жөнелтіледі. Мұнда пластмасса, бөтелке, қаңылтыр, целлофан тағы басқа да өнімдер өз алдына бөлек сұрыпталыды. Оның барлығы адам күшімен іске асып отыр. Қалған қалдықтар көму қартауларына жөнелтіледі. Негізгі технология процесі осындай, – дейді Қызылорда су жүйесі мекемесінің шаруашылық жүргізу жөніндегі орынбасары Ғабит Оспанов.

Мұндағы жұмыстың басты мақсаты – қала көлеміндегі жиналған тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу. Жұмысшылар ауысыммен жұмыс істейді. Жалақылары жеткілікті деңгейде екені айтылды. Өрт қауіпсіздігі мұқият қарастырылған.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 01 қазандағы №301 Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидалар негізінде көрсетіледі:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
2. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
4. Елдімекен шегінде объект салу үшін жер учаскелерін беру;
5. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату.

Жыл басынан бері, 2325 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: - жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру туралы – 34 қызмет;

- Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу туралы – 12;

- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою – 2279 қызмет.

Ауылдық әкімшілік ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы керекті ақпараттың барлығы қызмет көрсету мерзімі қызметтің түрлері туралы мәліметтер стелдтерде орналастырылған және өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышымен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөнінде бірінші байланыс орталығы телефон нөмірі: «14-14». Жоғарыда аталған қызметтерді алуға Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратына өтініш білдіруге болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ж.Маханбетов ауылы, Остай Жақенов көшесі, №22/а. Сенім телефоны 21-86-01.



Отбасы

Үйленетін кезімізде отбасының 7 қағидасын жасадық:

Отбасының 7 қағидасы

1. Сыйластық бірінші кезекте тұру керек. «Үйленген күннен бастап мені «сіз» дейсің» дедім. Бастапқыда «сіз» дегені құлаққа түрпідей естіліп, күлкіге көміліп қалғам. Он бес жылдан бері «сіз» деген сөз отбасымыздың татулығының тірегіне айналды. Достарымыз әйелдері біреуі 5 жылдан соң, біреуі 8 жылдан соң, біреуі 10 жылдан кейін күйеулерін «сіз» дей бастады. Анасы әкесін «сіз» деп сыйлап тұрса, бала да әкесін құрметтейтінін түсінді;
2. Сенің ата-анаң – менің ата-анам, менің ата-анам – сенің ата-анам. Балдызыма ақыл айтсам, туған қарындасыма айтқандай айтсам, келіншегім қайынысына құрметтегім туған інісіне ұрысқандай ұрысады;
3. Қандай сыйлы қонақ келсе де үйімізге ішімдік кіргізбейміз;
4. Балаларымызды мектепке дейін хан сияқты сыйлаймыз, мектеп кезінде шәкірт сияқты тәрбиелейміз, мектептен соң дос сияқты сырлас боламыз, бірақ ақыл айтпаймыз;
5. Ренжісіп қалсақ, 5 минуттан соң сөйлесеміз. «Жақсы адамның ашуы шәйі оралмап кенпекше, жаман адамның ашуы басы жерге жеткенше». Біреуіміз қылт етсек, екіншіміз уақыт санап отырамыз;
6. Біздің үйде ер-азамат есеп бермейді, телефон соғып: «Қайда жүрсің? Қашан келесің?» – деп жатқаны естігенде, телефоны болмаған біздің ата-бабалар не деген бақытты деп ойлаймын;
7. Ешқашан ажыраспаймыз. Маған әйел табылады, оған күйеу табылар, ал балаларға бөтен біреу өз әкесі-шешесіндей әке-шеше бола алмайды.

Бейсен ҚҰРАНБЕК

Көптеген Құран аяттарында ата-анаға жақсылық жасап, құрмет көрсету керектігі әмір етілген. Осы мәселеге қатысты ұстанымдарды Исламнан бұрынғы діндерде де кездестіруге болады.

Алла адамдардан бес нәрсенің қорғауын міндеттейді. Ол бес қасиетті нәрсені ұрпақтың сақталуы, Алла ұрпақтың жалғасын тіршілік иелерінің қабілеттеріне қарай белгілі бір заңдылыққа байланыстырған. Ұрпақтың жалғастыру үшін ең үлкен қауіп-қатер, қиыншылықтарға басын бәйге тіккен жанды тіршілік иелерінің бірі – адам баласы. Адам тіршілік иелерінің арасында ең күшті болғанына қарамастан дүниеге келген уақытта ең әлсізі болып келеді. Кейбір жануар төлдері туғаннан кейін дереу, ал енді кейбір төлдер белгілі бір уақыт аралығында аяққа тұрып, өз қажеттіліктерін өздері өтей бастағанда, адам баласы туғаннан бастап араға жылдар салып осы дәрежеге әрең жетеді.

Ұрпақтың жалғасын табуы үшін барлық ауыртпалықты тартатын ата-ана екені сөзсіз. Ана сәбін тоғыз ай көтеріп, небір қиыншылықты бастан өткізеді. Тіпті өмір мен өлімнің арасында нәрестесін дүниеге әкеледі. Ешбір нәрсеге қауқары жоқ бөбегін мөлелеп, түн ұйқысын төрт бөліп бағып қағады. Сондықтан Алла Тағала өзінің қасиетті кітабында:

«Біз адам баласына ата-анасына барынша жақсылық жасауды бұйырдық. Анасы оны әлсіреген үстіне әлсіреп, қинала жүріп (тоғыз ай бойы) көтерді. Оның емшектен шығуы да екі жыл алады. Ендеше: «Уа, адам баласы! Маған және ата-анана шүкіршілік ет! Ақыр соңында Маған қайтасын (және істеген істерің үшін жауап бересің)» деп бұйырды.

Атақты ғұлама Насралдин ат-Туси, ата-ана ақысын, әділеттілік деп түсінеді. Оның пікірінше әке-шешенің балаларын дүниеге әкелуі, олардың тәрбиеленуі секілді қиындықтардан былайша бір қорытынды шығады: Аллаға құлшылық ету және берген рызық-несібесіне шүкіршілік ету әділеттіліктің нышаны болған секілді, Алланың алдындағы парызын өтеуден кейін ата-ана ақысын өтеуден асқан ешқандай бір фазилетті істің болмауы да әділеттіліктің белгісі. Сонымен қатар әке-шешеге шүкіршілік ету және олардың разылығын алудан асқан бір құлшылық болмауы керек. Осы себепті әке-шешеге жақсылық жасау, Алланы мойындау және оған ғибадат етумен тең көрілген. Оның көзқарасы бойынша бұл ақыны өтеу, Илаһи ақылдан да бұрын келеді.

Өйткені Алла Тағаланың бұл нәрсеге мұқажығы жоқ. Алайда әке-шеше әрқашан балаларының қорсеткен қиындықтарының қарымтасы ретінде олардан көп нәрсе күтеді.

Кейбір діни деректерде перзенттің бұрынғы ретінде әлпетті болу да ата-ана құқығы екендігі айтылады. Мысалы, баласы ата-анасына жақсы серік болып, оларды атымен атауы керек. Жолда келе жатқанда ата-анасының алдында жүрмеуі, отырған кезде алдында немесе арқасын оларға қарап отырмауы керек. Сонымен қатар олардың қалауы мен бейімділігі баланың қалауы мен бейімділігіне қарсы болса да, ата-анаға ренжімеуге, жамандық жасауға болмайтыны айтылады.

Жақында бала күннен бірге өскен құрбым тұрмысқа шығатын болды. Тойды ақыласу мақсатында екі жақтың үлкендері кездесті. Жігіт ауылда тұратын қарапайым отбасының баласы. Ал құрбым бақуатты жердің қызы. Аралағы тұрмыстық жағдай әсер етті ме, не керек, той болмайтын болды. Бәріміз ан-тан қуяйла қалдық. Осылайша арада бұраз уақыт өтіп, құрбым өз теңін тауып, бар жерге келін болып түсті. Сол кезде гана «Сай сайға, бай байға құяды» деген сөздің мағынасын ұқтық. Қазақтың «Бай мен бай құда болса, арасында жорға жүреді, бай мен кедей құда болса, ілінісіп зорға жүреді» деген тәмісі осындайда айтылса керек.

Қашанда қазақ халқы салт-жоралғыны, әдет-ғұрыпты берік ұстанады. Оның ішінде қызға қалып мал, құдаға көде-кәумет беру дәстүрі ерекше мәнге ие. «Көде сұрағанға беру – міндет» деген ұғым осыдан қалған. Бұл арқылы бір-бірінің көңілін тауып, шынайы ниетін білдіріп, өзара сыйластықты нығайтқан. Дегенмен ол кездері қолда барына қанағат тұтты.

Ал қазір аталған дәстүрді көбіне қыз ұзатып, келін түсіргенде қолданады. Алайда бүгінде құдалардың бір-біріне киіт кигізуі көптің талқысына түсіп, түрлі көзқарас тудыруда. Сондай-ақ бұл мәселе талай жақтың ортасына от салып, жас жұбайлардың кейінгі өміріне кері әсерін тигізуде. Әсіресе қазіргі той жасау бәсекесі күшейген кезеңде құдасының иығына құндыз шапан жауып, құдағиының қолына бриллиант білезік тағуға екінің бірінің шамасы келмейді. Десе де баласы үшін намысқа тырысып, қарызданып жұрттан қалмай той өткізетіндер көп. Тіпті көбі төрт күндік қыздық үшін төрт жыл несие төлеп жүр. Әрине, құдасын қалай сыйлаймын десе де өз еркі. Бірақ жастардың сезімі мен шешімін дүниемен өлшеу қаншалықты дұрыс?

Еліміздің әр өңірінде қызға берілетін қалың малдың мөлшері де әртүрлі. Әсіресе оңтүстіктегі қалың мал қымбатқа түседі. Салттымыздың бұл түрі заман талабына сай жыл сайын түрленіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, қалың мал мөлшері де өсуде. Мәселен, қазір біздің өңірде ең төменгісі 500 мың теңге болса, жоғарғы қалыңмал 1 млн теңгеден асады. Бұл тек қыздың қалыңмалына берілетін ақша. Оның сыртында, әке күші, ана сүті, той мал, күйеу алып баратын ілу, ағайын-туысқа беретін көде-кәумет тағы басқа көптеген жоралғы бар. Осындай кезде реніш, ұрыс-керіс, бәсекелестік пен қызғаныш алға шығып, тойдың сәнін қашырады.



АТА-АНАҒА ҚҰРМЕТ –
әр перзенттің борышы

Отбасы қажеттіліктерін өтеу жолында әке шаршамастан, жалықпастан жұмыс істейді. Оларды қажетті тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етеді. Баласының ауырмағанын тілеп, сапарға кетсе уайымдап, үнемі оларды ойлайды. Бұл жағдай әке-шешеге үшін өмірінің соңына дейін жалғаса бермек.

Алла Тағаланың қалауымен әке-шешеге және балалары арасындағы қарым-қатынас сүйсіспеншілікке негізделген. Баланың рухани және материалдық өмірдегі қажеттіліктерін де қамтамасыз ететін ата-ана. Бір ананың жүрегі мен құшағы бала тәрбиесінің дәрiсханасы іспеттес. Сол себепті де ата-ананың ақысы көп.

Асыл дiнiмiздiң нәрiмен сусындырған ата-ана бала үшін баға жетпес байлық, береке және рақым нұры. Салихалы ана, Илаһи құдіреттің адам баласына бағышталған бір рақым құшағы, отбасының бақытты қайнар көзі және де сол отбасы мүшелерінің мейірім бұлағы. Раббымыздың «Рахман» және «Рахiм» есім-сипаттарының осы дүниедегі бір ұшқыны іспеттес.

Біздерді біршама ай жатырында, кейін дүниеден өткенше жүрегінде тасыған анаға көрсетілетін құрмет те шексіз болуы керек. Бір анадан «Ана, қай балаңызды жақсы көресіз?» деп сұраған екен. Сонда жүрегі нәзік ана: «Ауырған балам жазығыпана, сапардағы балам оралғана, барлық баламды өлгенше жақсы көрем» деген екен. Ана үшін баланың барлығы

бірдей. Араларын бөліп жармай, бәрін тең көреді. Хазіреті Маулана Жалалддин Руми: «Ананың ақысына абай бол! Оны басына тәжі ет! Аналар босанар кезде қиындық тартпағанда, балалар дүниеге келуге жол таба алмайтын еді» деген екен.

Перзенттің ата-ана алдындағы борышы өле-өлгенше жалғасын табуы керек десеқ кәтәлеспейміз. Олай дейтiнiмiз жоғарыдағы жағдайларды ескере отырып Жаратушының мейiрiмiмен оның нәресте кезiнен бастап тұлға болып қалыптасуына дейiн бүкiл өмiрлерiн перзентiне арнаған ата-анасы ғана. Перзенттiң тағы бір борышы – әке-шешеге жақсы қарау, олармен қарым-қатынасты жақсарту.

Алла Тағала Құран Кәрімде адамдардың кiмдерге қарсы жауапкершiлiгiнiң бар екенiн тiзбектегендей былай дейдi:

«Раббың бiр Өзiне ғана құлшылық етудi, ата-анаға барынша жақсылық жасауды үкiм еттi. Егер олардың бiреуi немесе екеуi бiрдей қолында қартайса, (оларды ауырсынып немесе жақтырмаған сыйай танығып) тiптi «Туу» деп те кеушi қылса, сондай-ақ оларға зекiп ұрыспа! Керiсiнше, оларға жанға жағымды жылы сөз айрт! Олардың алдында барынша мейiрiмдi, мейiнше кiшпiейл әрi тiл алғыш бол! Һәм олар үшін: «Уа, Раббым! Олар менi бала күнiмде қалай мөлелеп өсiрген болса, Сен де оларды дәл солай мейiрiмiне бөлей көр!» – деп дұға ет.

Адамзаттың ардақтысы, екі дүние сұлтаны Мұхаммедтің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «кімге жақсылық жасайын?» деп үш рет сұраған сабабаға үш рет «анана» деп жауап беріп, жай айтыла салған сөз емес екенін аңғартады.

Ат-анасы балаларына жеткілікті мөлшерде назар салып, бағып-қаға алмаса да, тіпті зияндары тисе де балалар оларға жақсы қарауға мәжбүр. Өйткені адам баласы қартайған сайын бала болады. Балалық шағымызда қателіктерімізге көз жұмып қарап, кешіріммен күлімісіреген жандар мұқтаждық жасқа жеткенде ұрпағын бір ізгілік күтеді. Бұл – әр перзенттің балалық шағындағы әрекеттерінің қарымтасы, мойындағы борышы.

«Әке-шешенің дұғасы қабыл болады» дейді Ислам діні. Ата-ананың дұғасын алып, қарғысын сақтану әрбір перзент үшін маңызды. Адамзаттың ұстазы пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) үш дұғаның қабыл болуында ешбір күмән жоқ деп айтқан. Олар «Әкенің баласына дұғасы, қонақтың дұғасы және жәбір көрген адамның дұғасы». Бұл тұста ананың дұғасы болса әкенің дұғасынан да әсерлі екенін айта кеткеніміз жөн.

Әзіреті пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) перзенттің әке-шешелеріне қарсы жауапкершіліктің соншалықты маңыздылығын былай тілге тиек еткен: «Бала қандай жақсылық жасаса да әкенің ақысын өтей алмайды. Тек оны құл болған жерден тауып, оны сатып алып, бас бостандығын берген жағдайда ақысын өткенге болады».

Осыншама еңбегі мен ақысы бар ата-анамызды жақсы көру, оларға деген махаббатымызды басқа нәрсеге айырбастамау ең маңызды міндетіміз. Бұл – ата-анамыз тірі болған кезде оларға деген құрмет, мейірімділік таныту және өзге де әрекеттер арқылы көрініс тапса, қайтсы болғаннан кейін дұғамызға қосып, мүмкін болса олардың атынан садақа беріп, ізгі амалдар жасау арқылы жүзеге асытып ұмыттаймыз.

Ислам МАРАТУЛЫ,
«Ақмешіт-Сырарлық»
мешітінің наиб имамы

ҚАЗІР ҚАЛЫҢМАЛ МЕН КӨДЕ-КӘУМЕТ БЕРУ КЕРЕК ПЕ?

Бұл мәселеге келгенде халықтың пікірі екіге бөлінеді. Бірі мұны ескіліктің белгісі десе, енді бірі ерекше салт-дәстүр екенін ала таратады. Тіпті «қызды сата ма?» деген көзқарастағы адамдар да бар. Әрине, әркім көрпесіне қарай көсіледі. Дегенмен «теңін тапса, тегін бер» деген сөзді ұмытпаған жөн. Әсіресе, бүгінгідей қымбатшылық қос бүйірден қысқан заманда кім-кімге де той

шаруа адамдары. Өздері оқымаса да маңдай терімен тапқан жиган-тергеніне бізді оқытты. Жұрттың баласынан кем етпей өсірді. Көптің қолы жете бермейтін қызметке тұрғызды. Тек жұмысты ойлап жүріп, жасымың 30-ға келгенін байқамаппын. Үйге келін түсіріп, анамың қолын ұзартқым келді. Осылайша үйленуге бел будым. Кездескен қыздарды ішінен қарапайым, үй шаруасына еңгі қызды іздедім. Көп ұзамай ойымдағы аруды жолықтырып, үйлендім. Қалыңдығымың әкесі дәулетті кісі болып шықты. Таршылық көрмей өскен келіншегім



САЙ САЙҒА,
БАЙ БАЙҒА ҚҰЯДЫ...

жасау оңайға соқпайды. Кейде халық кешегі сынақтан сабақ алмады ма деген ойға келесің. Екі жыл карантиннің кезінде той жасамақ түгілі, үйден шығу мұң болды. Бәріне тыйым салынды. Тіпті жастар үйлену тойын өткізбек түгілі, некесін қидырғанына мәз болды. Қалай карантин талаптары алынды, солай бұрынғы әніне қайта басты. Бұл жолы бәрі де қымбатқа түсуде. Атап айтсақ, қыздың қалыңмалы өсті. Азық-түліктің бағасы шарықтап, мейрамхана бағасы аспанады. Сонда да халық баласын қатарынан қалдырмас үшін той жасап әлек. Әліптің артын бақпай, той жасау екі жақтың болашағына да тікелей әсер етеді.

– Мен үйдің үлкенімін. Көпбалалы отбасында тәрбиелендім. Ата-анам қарапайым

шығарды. Сол күннен бастап арамды салқындай берді. Бұл келіспеушіліктің соңы бізді екі жаққа бөлді, – деп Бауыржан өз өкінішін білдірді.

Осындай да ата-ана үшін баласының бақытынан, қу дүниенің артық болғаны ма деп іштей қайран қаласын. Иә, расында күнделікті тіршілікте материалдық құндылықтың маңызды екені рас. Алайда өзегіңді жапыр шыққан ұрпағыңнан ештеңе әрегі емес. Қазіргі кезде мұндай жағдайға тап келген тек Бауыржан ғана емес. Өйткені бүгінде осындай келіссіздік талайдың тағдырын талқандауда. Сондай-ақ үйленейін десе, қалтасы көтермейтін қаншама жастарымыз сұрбойдақ атанып, көрі қыздар саны артуда.

БАСҚА ӨНІРДЕ ҚАЛАЙ?

Әрбір өңір өз салтымын қыз ұзатып, келін түсіргенді қалайды. Әрине, ол да дұрыс шығар. Десе де солтүстік пен шығыс жақтағылар оңтүстікпен құла болуға жүрексінеді екен. Өйткені бұл жақтың салт-дәстүрді берік ұстанып, қазақшылықты қайнаған ортасы деп біледі. Расында да солай-ақ. Алайда кейде аста-төк астамшылықтан әрі аса алмай кететін жайттар да кездеседі.

Дегенмен арамдыда «Көде-кәумет бұрыннан келе жатқан салт-дәстүр, оны жоюға болмайды» дейтіндер де кездеседі. Осыған орай киіттің берілу жолдары уақыт талабына сай түрленуде. Мәселен, қазір көбі тек отбасы мүшелеріне ғана әкеледі. Сондай-ақ жас жұбайлардың болашағы, бақыты үшін екі жақ орталай ақша шығарып, екі жақтың игілігіне жұмсауда.

– Былтыр қызымды қолдан ұзаттық. Жаңа құдалармен алдын ала келіс беріспейтін болып келдік. Басында туыскандарымыз қарсылық білдірді. Оларға ақша, дүние қолдың кірі, қызым барған жерінде абыройлы, бақытты болғанын қалайтынымды айттым. Ең бастысы, екі тараптан да той кезінде ұрыс-керіс, түсінбеушілік, әңгіме-сөз өрбіген жоқ. Осылайша қазір екі жас тату-тәтті өмір сүруде, – деді Анар Жәсейтова есімді көпбалалы ана.

Шынында, алыс-беріс арадағы сыйластық мәзгірі ғана. Сондықтан оны бәсекеге айналдырып, басты құндылыққа баламаған жөн. Себебі әрбір ата-ана үшін баласының болашағы, оның бақыты маңызды болу керек.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА



АУҒАНСТАНДАҒЫ АПАТ

Бахир санкциялардың қатты зиянын тигізіп жатқаны соншалық, ауғандықтар жер сілкініснен зардап шеккен отбасыларына ақша жөнелте алмай жатқанын айтқан. «Біздей банк жүйесінің қызметі құрдым алдында тұр. Соңғы тоғыз-он айда жаңадан валюта басып шығармадық, елге ақша әкелмедік, активтеріміз бұғатталды», – деді ол. Оның айтуынша, санкция елге емес, белгілі бір адамдарға ғана салынуы керек. Сондай-ақ ол өз сөзінде талибандар гуманитарлық көмек көрсетуге еш қарсылық көрсетіп жатпағанын айтты.

Ресми өкілдердің хабарлауынша, зардап шеккен аймаққа азық-түлікпен бөлек дәрі-дәрмек, көлік, киім мен су қажет. БҰҰ Ауғанстанға медициналық құралдарды таратып, мобильді медициналық топтарын жіберді. Бірақ ұйым іздеу және құтқару мүмкіндігі көк екенін ескертті.

Бахир сәрсенбі күні CNN телеарнасына берген сұхбатында тәліптер тек алты құтқару тікшеуіні жібере алғанын айтты. Өйткені Америка Құрама Штаттары кеткен кезде олар Ауғанстан күштеріне немесе өздеріне тиесілі ұшақтардың көбін істен шығарған. Пәкістан өзінің солтүстігіндегі Хайбер-Пахтунхва провинциясында шекара бекеттерін ашу және жараланған ауғандықтардың емделуі үшін визасыз кіруіне рұқсат беру арқылы көмек көрсетті, деп хабарлады аймақ үкіметінің өкілі Мохаммад Али Сафар.

«Бүгін таңертең 400 жараланған ауғандық емделу үшін Пәкістанға көшті және адамдар ағыны жалғасуда және олардың саны күннің соңына қарай артады деп күтілуде», – деді Саиф CNN-ге берген сұхбатында. Бұған дейін Пәкістан талибандар билікке келген тұста елге ауғандардың кіруіне қатаң шектеу енгізген болатын.

THE WALL STREET JOURNAL.

УКРАИНА НАТО-ҒА РЕСМИ ҮМІТКЕР

Еуроодақ басшылары бейсенбі күні Украинаны ресми кандидат ету туралы келісімге келді. Бұл алдағы жылдары ұрысқа мүше болуға жол ашты. Шешімді Брюссельдегі саммитте Еуроодақ басшылары қабылдап, Украина президенті Владимир Зеленскийдің Еуропа елдеріне жолдаған ең үлкен өтінішіне жауап берді. Бұл туралы The Wall Street Journal басшылығында Лоуренс Норман «Украина НАТО мүшелігіне ресми үміткер атанды» мақаласында хабарлады.



Еуроодақ басшылары Украинаны шектесетін және Приднестровье атты сепаратистік ауданында ресейлік әскер орналасқан Молдованы да одаққа қосылуға ресми үміткер етті.

Зеленскийдің қолбасшылары олардың бұл қадамы Украина үшін тәуелсіздік алған 30 жылдағы ең маңызды шешімдердің бірі екенін айтты. «Алайда бұл шешім Украинаға ғана қатысты емес деп ойлаймын. Бұл – Еуропаны нығайту жолындағы ең үлкен қадам. Дәл қазір Ресей соғысы біздің еркіндік пен бірлікті сақтау қабілетімізді сынап жатыр», – деді ол.

Дегенмен бұл ұсыныс Украина мен Молдованың қосылуы үшін ондаған жылға созылатын және мүше болатынына келіпдік бермейтін ұзақ және белгісіз өзгерістің алғашқы қадамы ғана. Комиссия келіссөздер басталмас бұрын екі елге де бірқатар тапсырма берді.

2013 жылы одаққа соңғы қосылған ел Хорватия болды және алдағы бірнеше жылда ЕО өзіне жана мүше қабылдайтынына сену қиын. Еуроодақ дипломаттарының ең белсенділері де 2024 жылға дейін нақты мүшелік келіссөздердің басталатынына күмәнданады. Германия канцлері Олаф Шольц, сондай-ақ Франция мен Италия қолбасшылары Еуроодақ кейбір жаңа мүшелерді қабылдау үшін маңызды өзгерістер енгізіп, шарт ережелерін қайта қарауы мүмкін екенін айтты. Бұрын мұндай өзгертулер ұзақ жылдар бойы жалғасып, әр елдегі референдумда халық тарапынан қолдау болмағаны үшін күшін жойған-ды.

«Біз Еуропалық Одақтың жаңа мүшелерді қабылдау алатынына көз жеткізуіміз керек. Бұл институционалдық реформаларды қажет етеді. Ол реформаларды демократияны ілгерілету мен Еуропалық Одақтағы заң үстемдігін нығайту үшін пайдалануымыз керек», – деді Шольц сәрсенбі күні Германия парламентінде.

Зеленский ЕО-ға мүше болу Украинаның соғастағы рухын көтеретінін, сонымен қатар қаттығы аяқталғаннан кейін Батыс институттарында орнығуға мүмкіндік ашатынын айтты. ЕО қолбасшылары Киевпен мүшелік келіссөздерін бастама бұрын Украина орнындағы тиіс комиссия талаптарының тізімін бекітті. Тізімге елдің жоғарғы соты мен сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес органы тағайындалуы, ұлттардың құқығын қамтамасыз ету және олигархияға қарсы заңның орындалуына ықпал ету кіреді.

«Бұл – Еуропа құрлығы үшін маңызды сәт. Украинаның кандидат мәртебесін беру өте маңызды хабарлама, алайда бұл Украинаның жақын арада ЕО мүшесі болады дегенді білдірмейді. Бұл – көп жылдық процесс», – деді Бельгия премьер-министрі Александр де Кро.

Сонымен қатар 20 жыл бойы одаққа мүше болуға ниетті Батыс Балқан елдерінің басшыларымен жұма күні таңертең кездескен Еуроодақ басшылары Солтүстік Македония және Албанияны қосу туралы келіссөздерді бастауға тағы да келіспеді. Болгария Солтүстік Македония мен тарихи келіспеушіліктерге байланысты келіссөздерге келергі келтіруде.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелгендігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынабасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің не